

## БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры



Б.Абдикерова

03 2021 ж.

### «Болашаққа жолдама» облыстық форумының аясында өтетін «Жаңа мамандықтар атласы» бейнероликтер алаңқайының ережесі

**I. Алаңқай мақсаты** – Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының үздік медиатәжірибесін көрсету.

#### **II. Алаңқай міндеттері:**

- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша бейнересурстар жасау тәжірибесімен алмасу;
- Қазіргі заманғы қоғамдағы өзекті жаңа мамандықтарды анықтау;
- Жаңа мамандықтардың ерекшеліктерімен таныстыру, осы мамандық дағдыларын меңгеру үшін қажетті кейбір құзіреттіліктерді анықтау, оқушының өз қабілетіне лайықты мамандық таңдауына көмек көрсету;
- бейнероликтер альбомы блогын – кәсіптік бағдар беру альманағын жасау.

**III. Форум аясындағы алаңқайды ұйымдастырушылар:** Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы және «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты КММ.

**IV. Әлеуметтік серіктестер:** Қарағанды облысының ЖОО-ы, колледждері.

**V. Конкурса қатысушылар:** 8-10 сынып оқушылары, педагогтер, мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жетекшілік ететін директордың орынбасарлары.

#### **VI. конкурстық өткізілу тәртібі және мерзімі**

**6.1. I кезең – аудандық - қалалық:** 2021 жылдың 15 наурызы -15 сәуірі

**6.2. II кезең - облыстық іріктеу:** 20-26 сәуір. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс әр бағыт бойынша жолданады.

**6.3 III кезең - «Болашаққа жолдама» форумының облыстық Бірыңғай күні –** 30 сәуір. III кезеңге әр бағыт бойынша 6 үздік жұмыс қатысады.

**6.4 Облыстық іріктеу кезеңіне қатысушылардың жұмыстары және қатысуға өтінімдері білім бөлімі қалалық/аудандық кезеңнің қорытындылары бойынша**

19.04.2021ж. дейін [umc.forum@umckrg.gov.kz](mailto:umc.forum@umckrg.gov.kz) электронды поштасына жіберіледі.

**VII. Бейнефильмдердің ұсынылатын тақырыптары** (қатысушылар өз тақырыбын ұсына алады):

- «Менің отбасылық әулетім» (мамандық бағыты);
- «Еңбекпен қамтудың үздік нысандары»;
- «Болашақтың құзіреттері»;
- «Болашақтың жаңа мамандықтары» (ИТ – медик, биоэтик, агроинформатик, ақылды жолдар құрылысшысы, кибер тергеуші, медициналық роботтарды жобалаушы, ұшқышсыз авиация, космогеолог, космобиолог, ғарыштық туризм менеджері, молекулярлық диетолог, желілік заңгер, прораб-вотчер, стартап менторы, майнд-фитнес жаттықтырушысы, тур-навигатор жасаушы, инфостилист, виртуальды әлем дизайнері, урбанист-эколог, жүйелік биотехнолог, ГМО-агроном және т.б.)
- «Заманауи салалық трендтер»;
- «Еңбек нарығының болашағы»;
- «Еңбек нарығын өзгерту тенденциялары»;
- «Болашақтың жұмысы»;
- «Әлем болашақ мамандықтар көзімен».

**VIII. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:**

**8.1.** Бейнежазылым ұзақтығы 3 минут, файл форматы mp 4, көлемі – 500 мб дейін.

**IX. Бағалау критерийлері:**

- ұсынылатын материалдың өзектілігі және өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың техникалық талаптарға сай болуы;
- жұмыс мазмұнының Форум тақырыбына сай болуы;
- жұмыстың өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың құрылымдық тұтастығы.

**X. Қорытындылау, марапаттау**

**10.1.** «Үздік кәсіптік бағдар беруші» секциясы бойынша қазылар алқасының шешімімен анықталған жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

**10.2.** Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

**Өтінім**

№	аудан / қала	ББҰ атауы	Аты-жөні (педагогтің)	Аталым (номинация)	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны, email

Ис-шараға қатысты мәселелер бойынша ОӘО, №316-кабинетке  
хабарласуға болады.

(Қарағанды қ., С.Сейфуллин көшесі, 8/2), тел. 44-56-30

Келісілді:

Е. Аринов

А. Сарсембаева

Г. Копбаева

Г. Мукашева

Ж. Дюсембина